

**Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрінің Ұйым стандарттарын әзірлеу, бекіту, есепке алу, өзгерту және күшін жою, тіркеу, белгілеу, басып шығару ережелерін бекіту туралы 2007 жылғы 2 қыркүйектегі № 256 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2010 жылғы 23 сәуірдегі № 38 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 2 маусымда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6275 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2012 жылғы 28 желтоқсандағы № 495 Бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 28.12.2012 № 495 Бұйрығымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес,  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. «Ұйым стандарттарын әзірлеу, бекіту, есепке алу, өзгерту, күшін жою, тіркеу, белгілеу, басып шығару ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2007 жылғы 2 қыркүйектегі № 256 бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4949 енгізілген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында, 2007 жылы қыркүйек-қазанда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін :

аталған бұйрықпен бекітілген Ұйым стандарттарын әзірлеу, бекіту, есепке алу, өзгерту, күшін жою, тіркеу, белгілеу, басып шығару ережелерінде:

2-тармақ «және ұйымды жетілдіру және өндірісті басқару, шетел мемлекеттерінің стандарттау жөніндегі халықаралық, өңірлік, ұлттық стандарттарын және нормативтік құжаттарын енгізуді» деген сөздермен **т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;**

3-тармақ «авторлық құқық объектісі болып табылады және таратыла алады» деген сөздер «таратылады» деген сөзбен ауыстырылсын. мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

«7-1. Ұйым стандарттарында әр түрлі параметрлер және (немесе) өлшемдер кезінде жалпы белгіге, бірдей құрастырылымға ие өнімнің бір немесе бірнеше

нақты түрлеріне қойылатын талаптар белгіленеді.»;  
мынадай мазмұндағы 11-1 және 11-2-тармақтармен толықтырылсын:

«11-1. Мүдделі тұлғаларды әзірленетін ұйым стандарты туралы хабарландыру мақсатында әзірлеуші ұйым, оның түпнұсқасын әлеуетті ұстаушы ол туралы ақпарат басылымдарда және Интернет-ресурстарында орналастырады.

11-2. Егер ұйым стандартын әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасында терминдер мен анықтамаларды, қабылдау тәртібін, бақылау, тасымалдау және сақтау, сондай-ақ өнімді жіктеуге қойылатын талаптарды белгілейтін техникалық регламенттер, мемлекеттік және (немесе) мемлекетаралық стандарттар болмаса, онда осы талаптарды әзірленетін ұйым стандартына енгізеді.»;

14 - т а р м а қ т а :

3)-тармақша алынып тасталсын;

сегізінші абзац алынып тасталсын;

тоғызыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Тұрақты қысқартылған сөздерді қолданатын ұйымдар үшін стандарт белгілеуінде тұрақты қысқартылған сөздер және жоғары тұрған министрліктің ( ведомствоның) шартты белгісі көрсетуге рұқсат етіледі.»;

мынадай мазмұнда 14-1-тармақпен толықтырылсын:

«14-1. Мемлекеттік және мемлекетаралық деңгейде стандартталмаған бақылау (сынау) әдістеріне және өлшемдерді орындау әдістемелеріне қойылатын талаптардан тұратын стандарттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңнамасында белгіленген тәртіпте метрологиялық сараптауға жатады.»;

16-тармақтағы бірінші абзацтағы «уәкілетті орган жүргізеді» деген сөздер « уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жүргізеді.» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші абзацта «Ұйым стандартын тіркеу алдында Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес белгілеуге жатады» деген сөздер алынып тасталсын.

17 - т а р м а қ т а ғ ы :

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Ұйым стандарты 30-күнтізбелік күнде қаралады. Оң шешім қабылданғанда 3 жұмыс күннен ұзақ емес күнде тіркеледі. Теріс нәтиже кезінде қайта қарауға ж і б е р і л е д і . » ;

мынадай мазмұнда алтыншы абзацпен толықтырылсын:

«Ұсынылатын ұйым стандарты нөмірленеді, тігіледі және мөрмен т а ң б а л а н а д ы . » .

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Ғ.М. Мұхамбетов) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет

министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Б.С. Камалиевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*М и н и с т р д і ң*

*міндетін атқарушы*

*А. Рау*